Ақылды
сағат телефоны GPS

Aimoto

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Толық нұсқаулық келесі сайтта:
knopka24.ru/downloads

www.knopka24.ru

Knopka911 тегін қосымшасы

Download on the App Store

ANDROID APP ON Google play

4785070

Aimoto Element пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғының негізгі функциялары

- SOS батырмасы
- Сенімді нөмірлер
- Камера
- Дауыстық және мәтіндік хабарламаларды сағатқа жіберу
- Тегін қоңырау
- Оятқыш
- Батареяның заряды туралы еске салу
- Сағатты іздеу функциясы
- Қалта шамы

2. Құ ылғы сипаттамасы

Камера

Құрылғыны зарядтауға арналған USB-порт

Шақыруға жауап беру батырмасы
Кіріс қоңырау кезінде қоңырауға жауап беру үшін батырманы бір рет басыңыз.

Басты мәзірге қайтару батырмасы



Қалта шамы

ҚОСУ / SOS батырмасы
Сағатты қосу үшін батырманы ұстап тұрыңыз.
Кіріс шақыру кезінде шақыруды болдырмау үшін батырманы басыңыз.
SOS-шақыруды орындау үшін батырманы 5 секунд басып тұрыңыз.

3. Жұмыстың басталуы

3.1 Сим-картаны орнату

Құрылғыда мобильді интернеті қосылған Micro-SIM форматындағы сим-карта (GPRS қызметі) қолданылады. Сағаттың артқы қақпағын ашып, SIM картаны орнатыңыз.

3.2 «Кпорка911» мобильді қосымшасы

«Кпорка911» қосымшасын AppStore немесе GooglePlay-де тауып, орнатыңыз.

3.2.1 Қосымшада тіркелу

Қосымшаға бірінші кірер алдында тіркеуден өту қажет.
E-maiL: электрондық пошта мекенжайын енгізу керек.
Қосымшаға кіру үшін құпиясөз енгізілген e-mail-ге жіберіледі

3.2.2 Қосымшада авторизациялану

Пайдаланушы деректерін енгізіңіз.
E-maiL: тіркеу барысында пайдаланылған электрондық пошта мекенжайын енгізу керек.
Құпиясөз: тіркеу кезінде электрондық мекенжайға жіберілген құпиясөзді енгізу керек.
Ыңғайлы болу үшін Сіз "Мені есте сақтау" тармағына қарама-қарсы құсбелгі қоюға болады, бұл қосымшаға қайта кірген кезде деректерді қайта енгізбеуге мүмкіндік береді. Деректерді енгізгеннен кейін «Кіру» батырмасын басу қажет.

Авторизация сәтті өткеннен кейін «Мәзір-> Құрылғылар -> Құрылғыны қосу» қосымша парағында, сағаттың артқы қақпағында көрсетілген сағаттың REG CODE көрсетіп немесе QR кодын сканерлеу арқылы профильге сағат қосыңыз.



3.2.3 Қолжетімділікті қалпына келтіру

Егер сіз кіру құпиясөзін ұмытып қалсаңыз, құпия сөзді қалпына келтіру процедурасын пайдалануыңыз керек. «Құпия сөзді ұмыттым» батырмасын басыңыз және келесі экранда электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. Кейінгі нұсқаулар e-mail-ге жіберіледі.

3.2.4 Сағаттың орналасқан жерін анықтау

Ағымдағы орналасқан жерді анықтау үшін «Менікі қайда» қосымша парағын таңдау керек.
Ашылған картада құрылғының ағымдағы орналасқан жері көрсетіледі.
Құрылғы туралы ақпаратта келесі көретілген:

- құрылғының атауы
- ағымдағы мекенжайы
- геолокация уақыты мен күні
- батареяның заряды
- желі сигналының деңгейі
- геолокацияны анықтау тәсілі

Ұялы байланыс желілерінің базалық станциялары (LBS) бойынша орналасу дәлдігі аудандағы базалық станциялардың санына байланысты және 2 км-ге дейін болуы мүмкін

3.2.5 Хабарламалар

Сіз сағатқа дауыстық және мәтіндік хабарламалар жібере аласыз.

Ол үшін «Хабарламалар» қосымша парағын пайдаланыңыз.

Экранның төменгі жағында мәтінді енгізу және дауысты жазу өрісі орналасқан.

Сіздің хабарламаңыз сағатқа келіп түседі, бұл ретте сағат дисплейінде Микрофон белгішесі пайда болады және «Жаңа дауыстық хабарлама» мәтіндік хабарламасы келеді.

Сағаттағы хабарламаны құрылғы мәзіріндегі «Хабарламалар» бөлімінде тыңдауға болады.

Сағаттан дауыстық хабарлама жіберу үшін құрылғы мәзіріндегі "Хабарламалар" бөлімінде "Жазуды бастау" батырмасын басып тұрыңыз.

3.2.6 Командалар

Сіз сағатқа командалар жібере аласыз.
Сағатқа қоңырау: сағатқа қоңырау шалынады;

Геоаймақтарды орнату: Сіз геоаймақтарды орната аласыз, олардан шыққан кезде Сіз қосымшаға хабарлама алатын боласыз. Орналасқан орнының дәлдігі 2 км-ге дейін.

Қозғалыс тарихы: команда картадан баланың қозғалу тарихын көруге мүмкіндік береді; Орналасқан орнының дәлдігі 2 км-ге дейін.

Кері қоңырау: баланың айналасында не болып жатқанын тыңдау үшін осы командаңы қолданыңыз. Сағаттың өзі қоңырау шалатын нөмірді енгізіңіз;

Сағатты іздеу: егер Сіз оларды ұмытып кетсеңіз, сағаттарда дыбысты ойнату арқылы жүзеге асырылады. Сағат қосулы болуы тиіс;

Оятқыш: Сіз оятқышты (3-ке дейін) орната аласыз, ол белгіленген уақытта сағаттарда жұмыс істейді;

Сағаттарды өшіру: сағаттарды қашықтан өшіру (сим-картасы салынған кезде сағатты өшіру батырмасымен өшіруге болмайды);

Баланы мақтау: ынталандыру баллдарын сағатқа жіберу;

Алаңдатпаңыз: Сіз баланы алаңдата алмайтын кезге уақыт аралықтарын орната аласыз. Қоңыраулар мен хабарламалар қол жетімді болмайды, бірақ SOS батырмасы және «Кері қоңырау шалу» функциясы әлі де жұмыс істейді. Команда қосымшаның PRO нұсқасында қолжетімді;

Сағатты қайта жүктеу: қашықтан қайта жүктеу (сағат желіде қайта тіркеледі).

3.2.7 Теңшелімдер

Сағаттарды теңшеу үшін қосымшаны пайдаланыңыз: "Мәзір -> Құрылғы теңшелімдері " қосымша беті.

Негізгі теңшелімдер:

SOS нөмірлер: «SOS» батырмасын басқан кезде қоңырау шалуға арналған телефон нөмірлерін үш нөмірге дейін жазуға болады, нөмірлердің біреуі қоңырауға жауап бергенге дейін қоңырау дәйекті болады;

Сенімді нөмірлер: сағаттан қоңырау шалуға болатын және сағатқа қоңырау алуға болатын 10 қосымша нөмірге дейін;

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер Сіз SOS нөмірін немесе кем дегенде 1 сенімді нөмірді көрсетсеңіз, «Ақ тізім» функциясы іске қосылады және сағатқа қоңырау шалу тек осы телефон нөмірлерінен мүмкін болады;

Сағаттың мобильді нөмірі: құрылғыда орнатылған сим-картасының телефон нөмірі;

Жұмыс режимі: геолокация деректерін сағаттан қолданбаға жіберу жиілігін таңдау (жіберу неғұрлым жиі болса, геолокация платформасына сұраныстар соғұрлым жиі жіберіледі, аккумулятордың қызмет ету мерзімі соғұрлым аз болады);

Уақыт белдеуі және тіл: уақыт белдеуі мен сағат интерфейсінің тілін таңдау; Денсаулық параметрлерін теңшеу: баланың физикалық белсенділігін дәлірек көрсету үшін оның параметрлерін орнатыңыз;

Қадам өлшегішті қосу: сағаттың экранында жүрілген қадамдар есептеуішін көрсету.

Хабарландырулардың теңшелімдері:

SOS нөмірі: «SOS» батырмасын басқан кезде ескерту;

Геоаймақтарға кіру / шығу: геоаймаққа кіру немесе шығу туралы ескерту;

Хабарламаларды жолдауға арналған нөмір: SOS-шақыру туралы SMS-хабарламалар келіп түсетін нөмір.

3.2.8 Қосымша құрылғыны қосу

Сіз бір уақытта бірнеше сағатты бақылай аласыз. Жаңа құрылғыны қосу үшін "Мәзір" қосымша парағына өтіп, "Құрылғылар" тармағын таңдап, "+" батырмасын басыңыз.

«Фотосуретті жүктеу» тармағын таңдау арқылы баланың фотосуретін қоса аласыз.

Содан кейін сағат туралы деректерді енгізіңіз:

Құрылғының атауы: сағаттың атауы (әдетте, баланың аты);

Сағаттың REG CODE: сағаттың артқы қақпағында орналасқан 15 таңбалы код;

SIM нөмірі: сағатта қолданылатын сим-карталардың тел. нөмірі.

4.Жиі қойылатын сұрақтар

Сағатта уақыт пен күнді қалай орнату керек?

Күн мен уақытты сағат автоматты түрде ұялы байланыс желісімен синхрондайды (сим-картасы бар сағатты бірінші рет қосқан кезде). Пайдаланушы тек уақыт белдеуін өзгерте алады.

Теңшелімдерді сақтау үшін сіздің смартфонда немесе сағатта интернетке байланысты мәселе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Сағаттан қалай қоңырау шалуға болады?

1. Сіз «SOS» батырмасы арқылы жылдам қоңырау шала аласыз.

«SOS» батырмасын 5 секунд бойы ұстап тұрғанда, құрылғы теңшелімдерде көрсетілген SOS нөмірлерін кезекпен тереді.

2. Сағатта «Контактілер» мәзірін таңдап, тізімдегі нөмірге қоңырау шалыңыз («Мәзір-> Теңшелімдер -> Сенімді нөмірлер» қосымшасында беріледі).

Сағаттың кіріс қоңырауларын қалай қабылдауға/болдырмауға болады?

Сағатқа қоңырау шалуды қабылдау үшін сағат экранындағы қоңырауға жауап беру батырмасын немесе экранның төменгі жағындағы Aimoto логотипін басу керек.

Қоңырауды болдырмау / қабылдамау үшін «SOS» батырмасын басу керек.

Хабарламаны қалай жібереді?

Хабарлама (дауыстық немесе мәтіндік) қосымшадағы «Хабарламалар» мәзірінен жіберіледі. Сағаттағы хабарламаны құрылғы мәзіріндегі «Хабарламалар» бөлімінде тыңдауға болады.

Дауыстық хабарламаны сағаттан жіберу үшін құрылғы мәзіріндегі «Хабарламалар» бөлімінде «Жазуды бастау» батырмасын басып, ұстап тұрыңыз, содан кейін ол автоматты түрде қосымшаға жіберіледі.

Геоаймақтардың жұмыс принципі қандай?

Геоаймақтар - бұл баланың осы аймақтардан кіруі/шығуы кезінде ата-аналар қосымшада хабарлама алатын қауіпсіздік аймақтары.

Геоаймақтары қосымшаның «Командалар» мәзірінде теңшеледі.

Сіз бірнеше геоаймақты орната аласыз. Мысалы, «Үй», «Мектеп».

Аккумулятордың қуаты қаншаға жетеді?

Құрылғының жұмыс мерзімі деректерді берудің белгіленген режиміне байланысты.

Қосымшадағы жұмыс режимін орнату арқылы реттеледі («Мәзір->Құрылғының теңшелімдері-> Жұмыс режимі»).

Күніне 1 рет зарядтауды ұсынамыз.

Сағатты қалай өшіру керек?

Сим-картасы салынған және зарядталған батареясы бар сағатты «SOS» батырмасы бойынша өшіруге болмайды.

Сағат қосымшадан «Командалар» қосымшасындағы «Сағатты өшіру» пәрменін пайдаланып өшіріледі.

Сағатты қайта қосу үшін «SOS» батырмасын пайдаланыңыз.

Екінші құрылғыда қосымшаға қалай кіруге болады?
Қауіпсіздік мақсатында барлық ата-аналық мобильді құрылғылардан кіру үшін бірыңғай құпиясөз мен логин қолданылады.
Егер сіз бірнеше мобильді құрылғылардан сағатты басқарғыңыз келсе, олардың әрқайсысына Knopka911 қосымшасын орнатып, кіру үшін бірінші мобильді құрылғыда сағатты тіркеген кезде алған электрондық пошта мен құпиясөзді пайдалануыңыз керек.

5.Пайдалану ережелері және шарттары

1. Жинаққа кіретін түпнұсқалық зарядтау кабелін пайдаланыңыз.
2. Пайдалану және сақтау үшін температуралық жағдайларды сақтаңыз.

Экранда «Батарея температурасы асып кетті» деген хабарлама пайда болған кезде құрылғыны пайдалануды 1 сағатқа тоқтату қажет:

1) Сағатты зарядтау құрылғысынан өшіру қажет;
2) Сағатты өшіру керек.

Егер сағатты қайта қосқанда хабарлама қалса, қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

3. Сұйықтықтың құрылғыға енуіне жол бермеңіз.
4. Сағатты бірінші рет қолданар алдында аккумуляторды толығымен зарядтаңыз.
5. Сағатты зарядтау үшін кернеуі 5 вольттан аспайтын және ток күші 1 амперден аспайтын қуат адаптерін пайдаланыңыз.
6. Сим-картасын тек жинаққа кіретін іскектің көмегімен орнатыңыз және алыңыз.

Маңызды!

Бұл құрылғыда 2 G желісін қолдайтын операторлардың сим-карталарын пайдалану керек.

Өндіруші осы нұсқаулықта сипатталған құрылғыларға, сондай-ақ осы нұсқаулықтың мазмұнына алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

6. Кәдеге жарату ережелері



Қызмет ету мерзімі өткеннен кейін құрылғы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.

Құрылғыны және / немесе оның аккумуляторын тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды.

7. Техникалық паспорт

Құрылғының атауы	Сағат телефон
Үлгісі	Aimoto Element
Өлшемдері	48x40x13 мм
Жады	RAM 24M + ROM 24M
Материалдар	ABS-пластик, силикон
Байланыс стандарттары	C5M850/900/1800/1900МГц
Жайғастыру жүйесі	LBS
Чипсет	RDA8955
SIM-карта түрі	Micro
Сыйымдылығы	400 мАсағ.
Пайдалану кезіндегі температура	-20-дан +40 С-ге дейін
Экран	1,44 дюйм, түрлі түсті, сенсорлы
Аудио	Кіріктірілген микрофон және қуаттылығы 0,5Вт динамик
Бағдарламалық қамтамасыз ету	iOS 8.0 және одан жоғары, Android 5.1 және одан жоғары ОЖ

Кепілдік талоны

Өндіруші белгілеген кепілдік мерзімі - сату күнінен бастап 12 ай. Қызмет ету мерзімі 3 жыл.

Тауардың атауы	Сағат телефон
Үлгісі	
IMEI	
Сатылған күні	
Сатушы	
Сатушының қолы	

Импорттаушы: «ЦЕНТР ТРЕВОЖНАЯ КНОПКА» ЖШҚ
123557 Мәскеу қ., Пресненский вал, 27 үй, 11 құр., тел. 8 (495) 984-85-56
Өндіруші: Shen Zhen Indell Industrial Co., Ltd.
Мекенжай: 6F, Building D, Hedong Industrial Park, HangCheng Industrial Zone, QianJin Rd, Baoan District, Shenzhen, 518126, China

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:

1. Кепілдік талоны немесе кепілдік мерзімінің қолданылуын растайтын құжат жоқ.
2. Кепілдік талонында бұйымды сату туралы белгі жоқ және / немесе сату күні оқылмайды, талонда көрсетілген сатушы компаниясының атауы кепілдік қызмет көрсетуге ұсынылған үлгіге сәйкес келмейді.
3. Бөгде араласудың және/немесе механикалық зақымданудың, рұқсат етілмеген жөндеудің іздері бар.
4. Егер ақаулар мен іркілістер келесі нәтижелерден туындаса: бұйымның құлауы немесе кез келген басқа механикалық зақымдану; бұйымға бөгде заттардың құлауы; бұйымның ішіне химиялық заттардың, шаңның, кірдің, сұйықтықтардың, микробөлшектердің түсуі және т. б.

Кепілдік құрылғылар мен мобильді қосымшаның жұмыс істеу ерекшеліктеріне қолданылмайды.

Кепілдік бауларға, бекіткіштерге және ұстағыштарға қолданылмайды.

Құрылғыны үшінші тарап қосымшаларына қосқан кезде кепілдік жойылады.

Авторландырылған қызмет көрсету орталықтарының мекен-жайларының тізімі мына мекен-жайда орналасқан: www.knopka24.ru/support